

МРНТИ 14.37.27

К.М. Сагиндыков, Г.Ж. Менлибекова, Н.Ж. Мукушева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ksagin@mail.ru, gmen64@mail.ru, nazym9_1@mail.ru)

Ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастырудың андрагогикалық негіздері

Аңдатпа. Ересек адамдардың жас мөлшері мен тұрғылықты аймағына қарамастан ақпараттық технологияларға қол жеткізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін олардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру «электрондық үкіметтің» енгізілуі және интернет арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге байланысты маңызға ие болды. Ересек адамдардың білім беру үдерісіне белсене қатысуы оларды компьютерлік сауаттылыққа оқытуға, өзін-өзі дамытуды жүзеге асыруға, қазіргі заманғы өмір жағдайларына бейімделуге және ақпараттық қоғамға қосылуға көмектеседі. Сондай-ақ, олардың ой-өрісін, қарым-қатынас аумағын кеңейтуге, еңбекке және белсенді өмір сүру сапасын арттыруға оң әсер етеді. Биліктің, бизнестің, қоғамдық ұйымдардың, ерікті жастар қозғалысының және бұқаралық ақпарат құралдарының өзара жүйелі бірлесе отырып, ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру үшін жаппай тегін оқыту жүйесін құру керек.

Түйін сөздер: компьютерлік сауаттылық, андрагогика, тьютор, ақпараттық мәдениет, ересектер, әлеуметтік бағытталған бағдарламалар, электронды телефон.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-85-91>

Кіріспе. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Мақаланың мақсаты - ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруды андрагогикалық тұрғыдан ғылыми негіздеудің мүмкіндіктерін айқындау.

«Ақпараттық компьютерлік технологиялар» - бұл термин бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар рөлін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құрамына айналды.

Жас шамасы мен территориялық тұрғылықты аймағына қарамастан ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру «электрондық үкіметтің» енгізілуі және интернет желісі арқылы мемлекеттік деңгейде қызмет көрсетуге байланысты айрықша мәнге ие болды. Ересектерді білім беру үдерісіне тарту, оларды компьютерлік сауаттылыққа оқытуға, өзін-өзі дамытуды және өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыруға, қазіргі заманғы өмір сүру жағдайларына бейімделуге және ақпараттық қоғамға кірігуге көмектеседі. Сондай-ақ, олардың ой-өрісін, қарым-қатынас аумағын кеңейтуге, еңбекке және белсенді өмір сүру

сапасын арттыруға оң ықпал етеді [1, 161 – 180 б.]. Биліктің, бизнес-құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың, ерікті жастар қозғалысының және бұқаралық ақпарат құралдарының өзара жүйелі бірлесе отырып, зейнеткерлерді желідегі негізгі жұмыстармен жаппай тегін оқыту жүйесін құру керек.

Ғылыми зерттеулер қарттық жасты экономикалық анықтау кеңінен таралған, ол қарттық бойынша зейнетақы алуға құқық беретін заңмен белгіленген және зейнеткерлік жасымен байланысты. Елімізде зейнеткерлік жастың төменгі шекарасы - әйелдерде 58 жас және ер адамдарда 63 жас. Дәл осы жастан бастап қарт адамдар зейнеткер мәртебесін, зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік қызмет көрсету құқығын алады, яғни әлеуметтік қызметтерді қолдана алады. Сол себепті біз зейнеткерлік жасқа жеткен және зейнетке шыққан (яғни, әлеуметтік мәртебесін ауыстырған) барлық адамдарды егде адамдар деп санадық.

Жасына қарай халықты үш топқа бөледі:

- бірінші - 1-ден 14 жасқа дейінгі балалар;
- екінші - ересек адамдар (15-59 жас);
- үшінші - егде адамдар (60 жас және одан асқандар).

Үшінші топтағы тұлғалар, яғни егде адамдар еліміздің әлеуметтік-демографиялық тұрғындары ретінде қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды элементі болып табылады. Үшінші топтағы адамдардың жас шектері шартты түрде: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әзірлеген жас сыныптамасына сәйкес үшінші топтағы адамдардың өзін үш топқа бөлуге болады:

- егде жастағы (60-74 жас аралығы);
- қарт (75-84 жас аралығы);
- ұзақ өмір сүрушілер (85 жас және одан жоғары);

Үшінші топтағы тұлғалар қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды элементі болып табылады. Егде адамдардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру қажет. Қазіргі уақытқа дейін егде адамдар үшін жаңа ақпаратты меңгеру, оқу, жаңа инновацияны игеру қажет емес деген түсінік сақталған. Қазіргі замандағы ақпараттандырылған орта көптеген зейнеткерлер үшін жабық, қоғам олардың талаптарына сай егде адамдарды жаңа технологиялармен таныстыру және оқыту қажет емес немесе егде адамдардың өздерінде бұл бізге қажет емес деген теріс түсінік бар. Егде адам үшін ақпараттық орта мәселелі орта болып табылады және олар көбінесе онымен соқтығысудан бас тартады. Осылайша қоғамның коммуникациялық заманауи және ыңғайлы тәсілдерінен айырылады. Қоғамда осындай өзгерістер егде адамдар арасында ақпараттық сауаттылық деңгейін қалай және қандай құралдардың көмегімен арттыруға болады деген мәселені қояды. Егде жастағы адамдардың қоғамға әлеуметтік интеграциялау тетіктерінің бірі білім беру және ақпараттық-білім беру кеңістігіне бейімдеу болып табылады. Қазіргі заманауи технологиялардың көмегімен әлеуметтік және медициналық көмекке, мемлекеттік қызметтерге жылдам жүгінуге, үйден шықпай-ақ төлем жүргізуге болады. Көптеген адамдар өз туыстарымен, басқа қалалар мен елдерде тұратын достарымен, өзінің тұрақты мекенжайынан шықпай-ақ сөйлескісі келеді. Бұл егде адамдар үшін таптырмас мүмкіндік. Егде жастағы білім – өзгермелі әлем туралы мәліметтерді жүйелі негізде алу арқылы әлеуметтік бейімделу және интеграциялау қабілетін сақтау механизмі. Зейнеткерлік жастағы ересектерге білім беру мамандық алу мақсатын көздемейді, ол дербес даму, әлеуметтік бейімделу және адамдардың қарым-қатынасы, олардың белсенді өмірлік ұстанымын сақтау мақсаты бар бейресми білімге жатады [2, 95-110 б.].

Үшінші топтағы адамдар әлеуметтік-мәдени белсенділік мүмкіндігі -қарттыққа қатысты жағымсыз үрдістерді еңсерудің негізгі жолдарының бірі. Алайда, зейнеткерлікке шыққан адам өз өмірін өз бетінше ұйымдастыра алмайды және оны қоғамға пайдалы

және әлеуметтік мәні бар өмір салтына бағыттай алмайды. Ол үшін арнайы оқытылған адамдардың көмегі қажет. Осыған байланысты мақалаға тьютор деген маңызды ұғымы енгізілді.

Тьюторлар (англ. tutor — тәлімгер) - бұл әлеуметтік-мәдени қызмет жағдайында оларды дербес сүйемелдеуді жүзеге асыратын, үшінші топтағы адамдармен жеке жұмыс істеу үдерісін ұйымдастыратын және жасайтын, көмек көрсететін арнайы оқытылған адамдар. Тьюторлар адамдарға табыс пен сәтсіздікті түсінуге, болашаққа мақсат қоюға, қойылған мақсаттарды іске асыру үшін адамның қолда барын бағалауға көмектесуі тиіс. Тьюторлар ақпараттық және кеңес беру жұмыстарына арналған әдістемені анықтайды. Егде жастағы адамдардың шығармашылық әлеуетін құруға жәрдемдеседі. Тьюторлар егде жастағы адамдармен жұмыс істеудің басым бағыттарын, заңдар мен өзге де нормативтік актілерді, егде жастағы адамдардың қарым-қатынасының психологиясын, және жеке жас ерекшеліктерін, байланыс орнату әдістерін білуі тиіс, сондай-ақ ондай адамдармен жұмыс істеуге қабілеттілігі мен дайындығын білдіретін кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс [3, 271-279 б.]. Әлеуметтік-мәдени қызмет жағдайында үшінші топтағы адамдарды нәтижелі әлеуметтендіруге бағытталған тиімді әдістеме таңдау маңызды тетік болып табылады. Тьюторлар жұмысы үшінші жастағы адамдардың қазіргі қоғамдағы бейімделу мен әлеуметтік интеграцияға дайындық сапасына байланысты. Тьютордың қызметін сипаттайтын төрт негізгі қағидатты атап өтуге болады:

- тьюторлар мен егде адамдар арасындағы теңдікті анықтау. Топта теңдікті атап көрсете отырып, қарым-қатынас тұрақты болуы тиіс, топтың әрбір құрамының пікірін құрметтеп, оны тыңдау қажет;
- топ ішінде оң атмосфера жасау үшін тьюторлардың белсенді өмірлік ұстанымы болу керек;
- жұмыс барысында әрбір тұлғаның ерекшеліктері нақтылана түсуі қажет;
- жұмыс барысында жағымды көңіл-күй мен қолайлы жағдайларды жасау.

Үшінші топтағы адамдардың өмір сүру сапасын тьюторлар тобының белсенді және тікелей қатысуымен арттыру құралдарының бірі - өзгерген ортада материалдық немесе рухани құндылықтарды жаңғырту немесе қолдау негізгі мақсаты болып табылатын әлеуметтік-бағытталған жобалар құру.

Компьютерлік сауаттылықтың жалпы құрылымы мотивациялық-когнитивті, коммуникативті-іс-қабілеттілік, мазмұндық және рефлексивті компоненттердің үйлесімі болып табылады, олардың мазмұны адамдардың тиісті жас санаты үшін ерекшелікке ие. Мысалы, белгілі бір қызметті орындауға ішкі және сыртқы көзқарасты қамтитын мотивациялық-когнитивті құрылым, егде адамдар үшін сыртқыға қарағанда ішкі механизмдермен анықталады, егде адамдар үшін маңызды емес тиісті қызмет түрін орындау үшін қажетті біліммен айқындалғанымен, тәжірибелік қызмет маңызды. Егде адамдар үшін рефлексивті компонент көбінесе оқыту нәтижелерін ұжымдық талқылау негізінде орындалатын әрекеттердің жеке пайдалылығын өзіндік бағалау болып табылады. Ақпараттық құзыреттілік үшін бұл ұсыныстар тиісті нақтылауға жол береді.

«Ақпараттық мәдениет» - қоғамда ақпараттың жұмыс істеуіне байланысты мәдени қызметтің маңызды аспектілерінің бірі, ересек адамға ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлауға, оны қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар ақпараттық өзара іс-қимылдың белсенді қатысушысы болуға мүмкіндік беретін белгілі бір білім деңгейі. Аталған мәселені зерделей отырып, ғылымның түрлі салалары тұрғысынан осы ұғымдардың көп қырлылығымен байқауға болады. Ақпараттық сауаттылықтың қалыптасуының өзара байланысты және дәйекті үш деңгейін анықтауға болады: төмен (бастапқы), орташа (жеткілікті), жоғары.

Теориялық білімдерді, тәжірибелік білімдерді жинақтау, ақпараттық қызмет саласында қолда бар қасиеттер мен қабілеттердің пайда болуы бастапқы деңгейден жоғары деңгейлерге көшуге мүмкіндік береді [4, 215 - 230б.]. Компьютерлік сауаттылықтың негізгі көрінісі ересек адамдар өз өмірінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды еркін, орынды пайдалануына мүмкіндік беретін ақпараттық қызмет көрсету салаларында қолдана білу болып табылады. Осылайша, ақпараттық құзыреттілік бір деңгейден екіншісіне ауысып, қалыптасады және дамиды, бұл ретте оның жай-күйі ақпараттық білімнің құрылымы мен мазмұнының қалыптасуының белгілі бір деңгейіне сәйкестігін ескере отырып, әр жолы анықталуы мүмкін. Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамның қалыптасу кезеңінде ақпараттық құзыреттілік деңгейі еңбек нарығындағы жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін де көрсетеді. Ақпараттық сауаттылықтың төмен деңгейі келесідей сипаттауға болады. Бұл деңгейде жеке тұлғаның қызметті жүзеге асыруға ақпараттық дайындығы қоғамды ақпараттандырудың жалпы мақсаттарының саналы болуымен ерекшеленеді, бірақ нақты ақпараттық қажеттіліктер мен мүдделер қалыптастырылмаған.

Әлеуметтік-бағытталған бағдарламалар ересек адамдарға жалпы білім беру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, әлеуметтік оқшаулаудан шығуға көмектеседі. Ақпараттық қолдау бағдарламасы ересек адамдардың әлеуметтік-мәдени қызметінің ақпараттық блогына кіреді. Бағдарламаның негізі «үшінші» жастағы адамдардың қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен компьютерлік сауаттылық негіздерін меңгеру болып табылады. Ересек тыңдаушылардың пікірінше, әлеуметтік және техникалық инновациялар (интернет, ұялы телефондар, электрондық терминалдар және т.б.) адамның өзін де дамытуға міндеттейді. Адамдардың осындай санаты үшін ақпараттық қолдау бағдарламалары «үшінші жас» тобындағы адамдардың қазіргі еліміздің қоғамының ақпараттық-білім беру кеңістігіне кірігуінің тиімді формаларының бірі болуы тиіс, олардың нәтижелі бейімделуіне ықпал етеді. «Үшінші жас» өкілдеріне ақпараттық қызмет көрсету тәжірибесін, дидактикалық және психологиялық білім беру технологияларының құрылымын ескере отырып, қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, әлеуметтік жұмыстың инновациялық технологияларын енгізу және қарт адамдармен жүргізілген тәжірибелер үшінші топтағы адамдармен жұмыстың мүмкін болатын нұсқаларының біріне жеке сабақ өткізу тәсілдері жататындығын көрсетеді. Сондықтан ақпараттық қолдау бағдарламасының құрылымы жеңіл өзгертілетін негізгі және вариативтік бөліктері болуы, сабақты өткізу барысында мазмұнды түзету мүмкіндігін қарастыру қажет. 1 кестеде өтуге болатын ересек адамдарға арналған сабақ тақырыптары қарастырылған.

1 кесте

Сабақ тақырыптары

	Сабақ тақырыбы
1	Дербес компьютермен танысу
2	Дербес компьютер қауіпсіздігі. Антивирустық бағдарламалар
3	Интернетпен жұмыс (Google, youtube)
4	Электронды почта (@mail.ru)
5	Әлеуметтік желілермен жұмыс (WhatsApp, Telegram, Facebook)
6	Электронды телефон(интернет банкинг, онлайн билет, Damumed, Astra Bus)

Ең алдымен, дербес компьютердің негізгі құрылғыларына тоқталу қажет: жүйелік блокты, мониторды, клавиатураны, тышқанды және компьютерге қосылатын перифериялық құрылғыларды: принтер, сканер, модем зерттеу ерекшеліктерін көрсететін негізгі ұғымдар, терминдермен танысуы тиіс. Сондай-ақ, мәтіндік құжаттармен, суреттермен, бейне-файлдармен жұмыс істеуді де кіргізуге болады. Вариативті бөліктің құрамы адамның жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін [5, 150-163 б.]. Мысалы, дербес компьютерде жұмыс істеу негіздерін жақсы меңгерген ересек адамдар үшін интернет желісін тереңдетіп оқыту; ақпарат алмасу мақсатында электрондық поштаны зерттеу; әлеуметтік желілерде достарымен, туыстарымен, әріптестерімен қарым – қатынас жасау; электрондық терминалдар арқылы коммуналдық қызметтерді төлеу; театр және әуе, теміржол билеттерін алу; Skype бағдарламасы арқылы веб-камераны пайдаланып, онлайн сөйлесу. Үшінші топтағы адамдар үшін материалды оқып-үйрену қандай ретпен жүргізілетіндігі емес, оқыту үрдісінде оқытудың мәні және құрдастарымен, оқытушымен қарым-қатынас жасайтыны маңызды. Үшінші топтағы адамдармен жұмыс жасаудың оқушылар және студенттермен жұмыс жасаудан ерекшелігі жас ерекшелігі бойынша және оқытушының педагогикалық шеберлігін дамытуға ықпал ететін қосымша жағдайларды талап етеді [6, 57-65 б.]. Ақпараттық қолдау бағдарламасын меңгеру нәтижесінде үшінші топтағы адамдар: дербес компьютермен, сондай-ақ ноутбукпен сенімді жұмыс жасау; мәтіндік редакторлардың көмегімен құжаттарды өз бетімен ашу, құру және редакциялау, оларды компьютер жадында сақтау; компьютердегі аудио және бейне файлдарды табу және ойнату; дербес компьютерде суреттерді графикалық редакторлар мен графикалық файлдарды көруге арналған арнайы бағдарламаларының көмегімен көру; интернет желісіндегі электрондық поштамен жұмыс істеу: хаттарды оқу және жазу, құжаттарды бекіту, файлдарды жүктеу.

Ересек адамдардың кәсіби, тұлғалық, әлеуметтік әлеуеті заманауи әрекеттестік жүйесінде жаңа сипатқа ие болып отыр. Андрагогикалық тұрғыдан алғанда ересек адамдардың өзіндік тәжірибесі, олардың өз бетінше білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға саналы мотивациясының және жеке жауапкершілігін ұғыну маңызды болмақ. ХХІ ғасыр дағдыларын үйрету үшін өмір бойы білім алу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ету және жаңа білімдерді құру қажет [7, 90 б.]. Демек, андрагогика саласындағы ересектерді оқытудың қағидаттары мен заңдылықтарын ескере отырып, практикалық тәжірибені теориялық білімдерді толықтыруда қолдану басымдығына назар аудару қажеттілігі туындайды. Бұл орайда «ересектерге білім берудің қоғамдық сипаты, оның үздіксіздігі, жалпы қолжетімділігі, дербестігі мен автономдылығы» [8, 66 б.] қағидаттарын андрагогикалық оқытудың жүйелілік, өмірмен байланыстылық, практикаға бағдарлылық т.с. аспектілерімен кіріктірілуін қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыру қажет.

Сонымен қатар, Интернет желісінде іздеу жүйелері мен түрлі сайттардың көмегімен қажетті ақпаратты іздеуге дағдылану. дербес компьютердің негізгі құрылғыларын: жүйелік блокты, мониторды, клавиатураны, тышқанды және компьютерге қосылатын сыртқы құрылғыларды: принтерді, сканерді, модемді зерттеу ерекшеліктерін көрсететін негізгі ұғымдар, терминдер салынуы тиіс. Негізгі бөлімге мәтіндік құжаттармен, суреттермен, бейне-файлдармен жұмыс істеу үшін негізгі бағдарламаларды оқу кіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Агапова О.В. Уроки для взрослых: пособие для тех, кто работает в системе образования взрослых. - СПб.: Тускарора, 2003 – 256 с.
2. Азбука Интернета: учебное пособие для пользователей старшего поколения: работа на компьютере и в сети Интернет. - М., 2014 – 120 с.
3. Громкова М. Т. Андрагогика. Теория и практика образования взрослых: учеб.

пособ. для системы доп. проф. образования. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005 – 495 с.

4. Краснова О.В., Галасюк И.Н., Шинина Т.В. Психология личности пожилых людей и лиц с ограничениями здоровья: учеб. пособ. для слушателей проф. переподготовки по спец. «Психологическая деятельность в учреждениях социальной сферы». - СПб.: Каро, 2011 - 319 с.

5. Василькова, Т. А. Основы андрагогики: учебник. – Москва: КНОРУС, 2009 - 252 с.

6. Левин А.Ш. Компьютер для людей старшего возраста. - СПб.: Питер, 2014 - 240 с.

7. Информационно-компьютерная грамотность и непрерывное образование // С.П. Кудрявцева, А.А. Максименко // Управляющие системы и машины. - 2010. - № 2. - С. 85-91.

8. Вершловский, С.Г. Общее образование взрослых: Стимулы и мотивы. - М., 1987. – 344 с.

К.М. Сагиндыков, Г.Ж. Менлибекова, Н.Ж. Мукушева
*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Андрогогические основы формирования компьютерной грамотности взрослых

Аннотация: Формирование компьютерной грамотности взрослых для обеспечения равных возможностей доступа к информационным технологиям независимо от возраста и региона проживания приобрело важнейшее значение в связи с введением «электронного правительства» и оказания государственных услуг через интернет. Включение взрослых в образовательный процесс, формирование их компьютерной грамотности дают возможность самореализации, адаптации к современным условиям жизни и включения в информационное общество, расширяют их кругозор, сферы общения, расширяют возможности использования своего потенциала для продления трудовой и активной жизнедеятельности, что оказывает положительное влияние на повышение качества их жизни. За счет комплексного взаимодействия власти, бизнеса, общественных организаций, добровольческих молодежных движений и средств массовой информации необходимо создать систему массового бесплатного обучения взрослых компьютерной грамотности.

Ключевые слова: компьютерная грамотность, андрагогика, тьютор, информационная культура, взрослые, социально ориентированные программы, электронный телефон.

K.M. Sagindykov, G.Zh. Menlibekova, N.Zh. Mukusheva
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Andragogical basis of the Development of Computer Literacy of Adults

Abstract: The development of computer literacy of adults to ensure equal access to information technologies, regardless of age and region of residence, has become essential in connection with the introduction of e-government and the provision of public services via the Internet. The inclusion of adults in the educational process and the formation of their computer literacy enable adult learners to self-realization, adaptation to modern living conditions and inclusion in the information society, expanding their horizons, areas of communication, using their potential to prolong labor and active life activity, which has a positive impact on improving their quality of life. Due to the complex interaction of government, business, public organizations, voluntary youth movements and the media, it is necessary to create a system of mass free computer literacy education for adults.

Keywords: computer equipment, andragogy, tutors, information literacy, information culture, the elderly, socially-oriented programs, electronic telephone.

References

1. Agapova O.V. Uroki dlja vzroslyh: posobie dlja teh, kto rabotaet v sisteme obrazovanija vzroslyh [Lessons for adults: a guide for those who work in the adult education system] (Tuscarora, SPb, 2003 – 256 p.).
2. Azbuka Interneta: uchebnoe posobie dlja pol'zovatelej starshego pokolenija: rabota na komp'yutere i v seti Internet [The ABC of the Internet: a textbook for older users: working on a computer and on the Internet] (M., 2014, 120 p.).
3. Gromkova M.T. Andragogy. Teorija i praktika obrazovanija vzroslyh: ucheb. posob. dlja sistemy dop. prof. obrazovanija [Theory and practice of adult education: studies. benefit for system add. prof. education] (UNITY-DANA, Moscow, 2005, 495 p.).
4. Krasnova O.V., Galasyuk I.N., Shinina T.V. Psihologija lichnosti pozhilyh ljudej i lic s ogranichenijami vozmozhnostjami zdorov'ja: ucheb. posob. dlja slushatelej prof. perepodgotovki po spec. «Psihologicheskaja dejatel'nost' v uchrezhdenijah social'noj sfery» [Psychology of the personality of the elderly and persons with disabilities: studies. benefit for students prof. retraining on spec. «Psychological activity in social institutions»] (Karo, SPb, 2011, 319 p.).
5. Vasilkova T.A. Osnovy andragogiki: uchebnik [Basics of andragogy: textbook] (KNORUS, Moscow, 2009, 252 p.).
6. Levin A. Sh. Komp'yuter dlja ljudej starshego vozrasta [Computer for older people] (Peter, SPb, 2014, 240 p.).
7. Informacino-komp'yuternaja gramotnost' i nepreryvnoe obrazovanie [Information and computer literacy and continuing education] / S.P. Kudryavtseva, A.A. Maksimenko. Upravljajushhie sistemy i mashiny [Control systems and machines], (2), 85-91 (2010).
8. Vershlovsky, S.G. Obshhee obrazovanie vzroslyh: Stimuly i motivy [General adult education: Incentives and motives] (Moscow, 1987, 344 p.).

Сведения об авторах:

Сагиндыков К.М. – кандидат технических наук, доцент, заведующий кафедрой «Информатика и информационная безопасность», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, ул. Пушкина, 11, Нур-Султан, Казахстан,

Менлибекова Г.Ж. – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Социальная педагогика и самопознание», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, ул. Янушкевича, 6, Нур-Султан, Казахстан.

Мукушева Н.Ж. – преподаватель кафедры «Информатика и информационная безопасность», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, ул. Пушкина, 11, Нур-Султан, Казахстан.

Sagindykov K.M. – Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of «Informatics and Information Security», L.N. Gumilyov Eurasian National University, str. Pushkin 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Menlibekova G.Zh. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Mukusheva N.Zh. – Lecturer, Department of «Informatics and Information Security», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Pushkin str., 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.